

Өмірбаян

Торғай Шоңқалов (1921- 1991ж)

Торғай Шоңқалов - 1921 жылы Жыңғылды ауылында дүниеге келген.

Торғай Жыңғылдыдағы жеті жылдық мектепке барып, Алматы қаласына ауысып, білім алады. Торғай өзінің математикаға ерекше дарындылығымен көзге түседі. Жетінші сыныпқа келгенде арнаулы математикалық мектепке ауыстырылады. Бұл оқу орны қазіргі Ө.Жәутіков атындағы физика математиканы тереңдеп оқытатын балалар мектебі. Торғай бүкіл Маңғыстау өңірінен тұңғыш рет осы оқуға түскен оқушы еді. Дарынды балалардың мектебінен сол жылы Қазақстандағы жалғыз университет Қазақ мемлекеттік университетінің математика факультетіне оқуға алынады. Торғай үшінші курсты бітірген соң соғыс басталып кетіп, түрлі қиыншылықтарға байланысты университеттің біраз бөлімдері қысқарады. Торғай бұдан соң Жамбыл облысының, Қордай ауданына жіберіледі. Ол онда жоғары сынып оқушыларына математика пәнінен сабақ береді.

Алайда көп ұзамай Торғай майданға аттанады. Кескілескен ауыр ұрыстардың бірінде оң қолынан оқ тиіп, әскери госпиталда емделіп кейін елге оралады.

Шайқаста басшылық жасағаны және көрсеткен жеке ерлігі үшін, **I дәрежелі «Отан соғысы» ордені**, 1941-1945жылы Ұлы Отан соғысының жеңіс үшін медалімен марапатталады.

Онды ауылдағы жеті жылдық мектепке директор болып тағайындалады. Бұдан соң мұғалімдер жетіспейтін Тұщықұдық мектебінің оқу ісі меңгерушісі, Шайыр жеті жылдық мектебінің директоры қызметін атқарады.

1946 жылы аудан орталығы Таушық ауылында жалғыз орта мектеп ашылып, Торғай жаңадан ашылған ескі Шахта орта мектебіне шақыртылып, математика пәнінен мұғалім болды. Бұдан соң осы Шахта орта мектептің директоры, аудандық оқу бөлімінде методист болып бірнеше жылы қызмет атқарады. Төкең 1949 жылы Шахта орта мектебінің алғашқы он класын бітірткен, орта білімді азаматтарды алғаш ұядан ұшырған Шахта орта мектебінің математигі болды. Сол кездерден бастап бүкіл пәндердің ішінен математикаға деген қызығушылық, жаппай құмарлық етек алады. Төкең еліктеушілік көбейді. Сол бір 1950 - шы жылдардың ішіндегі мектеп түлектері Шахта орта мектебінің даңқын республика жоғары оқу орындары арасында белгілі етті. Әсіресе, математика пәнінен сабақ берген Шоңқалов Торғай есімі аталып, аңызға айналды.

Торғай Шоңқалов пәнді оқыту, оны одан әрі талдау және шәкірттеріне жеткізу, білдірту әдістерін жете меңгерген, өзіндік ерекшелігі бар терең білімді маман. Ол халық аузындағы, халық мойындаған математик болды.

Шоңқалов Торғайдың өзінің өмір сүрген 70 жылының 33 жылын Шахта орта мектебіне, тағы басқа Маңғыстау ауданының оқу ісіне арнады. Ол республика оқу ісінің үздігі, Ұлы Отан соғысының ардагері, 3-ші топтағы мүгедек. Ұстаздардың ұстазы болған Торғай 1991 жылы өмірден өтті.



1.9



СВИДЕТЕЛЬСТВО О СМЕРТИ ӨЛГЕНДІК ТУРАЛЫ КҮӘЛІК

Гражданин (ка) Шоққанов
Азамат Торған фамилия — фамилиясы,
имя, отчество — аты, әкесінің аты
умер(ла) 21 марта 1991г.
қайтыс болды мысалы 2005 число, месяц, год — күні, айы, жылы
(цифрами и прописью — цифрами және жазумен)
в возрасте 69 лет, о чем в книге регистрации актов о смерти
жасы бұл жөнінде өлгендік туралы актілерді тіркеу кітабында
19 21 года март месяца 15 числа
жылы айының күні
произведена запись за № 208
жазылды
Причина смерти и.и.б.с. обш
Өлу себебі атеросклероз

Место смерти: город, селение Шевченко
Өлген жері: қала, село
район
аудан
область, край
облыс, өлке
республика
республика
Место регистрации КазССР
Тіркелген орыны гор. загс
наименование и местонахождение органа ЗАГС
ЗАГС органының аты мен тұрған орны
Дата выдачи 22 марта 1991г.
Берілген уақыты ж.
М. П. Заведующий отделом (биро)
М. О. главы органов гражданского состояния
Азаматтық хал актілерін жазатын
бөлімнің (бюроның) меңгерушісі

I-TK № 319781